

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
2022 ж. 19 тамыз
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 3/406
г. Алматы

Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесін құру және
оның ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңының 4-бабының 9-32) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрамда Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі құрылсын.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі



Е. Досаев

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
19 августа 2022г.
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 3/406
г. Алматы

О создании Градостроительного совета
города Алматы и утверждении его положения

В соответствии с подпунктом 9-32) статьи 4 Закона Республики Казахстан «Об особом статусе города Алматы», акимат города Алматы ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Создать Градостроительный совет города Алматы, в составе согласно приложению 1 к настоящему постановлению.
2. Утвердить положение о Градостроительном совете города Алматы, согласно приложению 2 к настоящему постановлению.
3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Алматы Азирбаева М.Б.
4. Настоящее постановление вводится в действие с 1 сентября 2022 года.

Аким города Алматы



Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2022 жылғы «19» тамыздағы № 3/406
қаулысына 1-қосымша

**Алматы қаласы
Қала құрылысы кеңесінің құрамы**

	Алматы қаласы әкімінің сәулет, қала құрылысы, құрылыс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары;
	«Алматы бас жоспары» ғылыми зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша);
Нысанбаева Любовь Владимировна	сарапшы - сәулетші-қала құрылысшысы (келісім бойынша);
Ақбай Айдын Серікұлы	сарапшы - сәулетші (келісім бойынша);
Есжанова Әсел Бекбергемқызы	сарапшы - сәулетші (келісім бойынша);
Рихардо Андреа Марини	сарапшы - сәулетші-урбанист (келісім бойынша);
Байжанова Жаннат	сарапшы - сәулетші-урбанист (келісім бойынша);
Турекулова Наталья Викторовна	сарапшы - сәулетші-тарихшы (келісім бойынша);
Барабанов Роман Александрович	сарапшы – көлік қызметкері (келісім бойынша);
Шибатов Марат Максумович	сарапшы - әлсуметтанушы (келісім бойынша);
Алаев Вениамин Юрьевич	инклизивті орта мәселелері жөніндегі сарапшы (келісім бойынша);

Мурунов Святослав Александрович	сарапшы – экономист (келісім бойынша);
Ситбаева Гүлнар Токбергемқызы	қоғалдандыру жөніндегі сарапшы (келісім бойынша);
Камитов Нұрлан Дүйсенбайұлы	сарапшы – сәулетші (келісім бойынша);
Шоқпаров Ералы Мейрамбекұлы	сарапшы – конструктор (келісім бойынша);
Сауранбаев Ералы Болатұлы	құрылыс саласы одағының мүшесі (келісім бойынша);
Ералиева Токтар Ералиұлы	сарапшы - сәулетші (келісім бойынша);
Залогина Тамара Борисовна	сарапшы – экономист-қала құрылысшысы (келісім бойынша);
Калдыбаева Гүлзада Әлханқызы	сарапшы – ландшафт сәулетшісі (келісім бойынша);
Жақсыбай Аязжан	креативті экономика жөніндегі сарапшы (келісім бойынша);
Сариева Гүлшат Бауыржанқызы	жылжымайтын мүлік жөніндегі сарапшы (келісім бойынша);
Байғабылова Гүлмира Масабайқызы	қалалық кеңістік жөніндегі сарапшы (келісім бойынша);
Ивженко Алексей Викторович	сарапшы – сәулетші (келісім бойынша);
Байматова Насиба Хикматуллаевна	сарапшы – эколог (келісім бойынша);

Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 9-32) тармағына сәйкес әзірленді.
 2. Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі Алматы қаласының аумағында мемлекеттік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саясатын жүргізу кезінде тиімділікті арттыру және шешімдер қабылдау мақсатында құрылған, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі - Кеңес) болып табылады.
 3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілерін, Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
 4. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Алматы қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшесі – Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы жүзеге асырады.
- #### 2. Кеңестің негізгі функциялары мен өкілеттіктері
5. Кеңестің негізгі функциялары:
 - 1) Алматы қаласының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік саясатты іске асыруда жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу;
 - 2) тұрғын үй, қоғамдық, коммуналдық-өндірістік және өнеркәсіптік кешендердің эскиздік және жұмыс жобалары, қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, скверлерді, бақтарды, бульварларды, арнайы аймақтарды қайта құру жобалары, әртүрлі мақсаттағы жеке ғимараттар, инженерлік және келік инфрақұрылымы желілері мен құрылыстары, өнер объектілері, Алматы қаласының сәулет тарихы, мәдениеті ескерткіштері бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу;
 - 3) Әл-Фараби даңғылынан жоғары қала құрылысы және жалпы құрылыс жобаларын қарау;
 - 4) мәдени мақсаттағы объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жобаларды қарау;
 - 5) тұрғын үй қорын реновациялау жобаларын қарау;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Алматы қаласы әкімінің тапсырмаларына сәйкес өзге де функцияларды орындау.

6. Жеке тұрғын үй құрылыстарының, жапсарлас құрылыстардың (қаланың тарихи орталығы аймағынан басқа), үй-жайларды реконструкциялау мен қайта жоспарлау жобалары дизайн-кодқа сәйкес қаралады және заңмен белгіленген тәртіпте Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасымен келісіледі және Қала құрылысы кеңесінің қарауына шығарылмайды.

7. Кеңес аумақтық дамуға, оның инфрақұрылымына және сәулет және қала ортасын қалыптастыруға байланысты мәселелер бойынша тарихи-мәдени мұрамен байланыстыра отырып, қала әкіміне өз ұсыныстары мен ұсынымдарын енгізуге уәкілетті.

8. Кеңес осы Ережеге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарауға шығарады.

3. Кеңестің құрылымы және оны басқару

9. Алматы қаласының әкімдігі Кеңестің құрамын тақ санда және 23 (жиырма үш) адамнан аспайтын етіп бекітеді.
 10. Кеңес Төрағасын Алматы қаласы әкімдігі Кеңес мүшелерінің арасынан ұсынады.
 11. Кеңес Төрағасы қажет болған жағдайда, қаралатын жобаның ерекшелігіне сәйкес Кеңес отырысына тар бейінді мамандарды шақырады.
 12. Төрағаның орынбасарлары:

Төрағаның орынбасары – Алматы қаласы әкімінің сәулет, қала құрылысы мен құрылыс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары (дауыс беру құқығынсыз);

Төрағаның орынбасары – Кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру жолымен Кеңес сайланады, оны Кеңестің жалпы жиналысы кейіннен Төраға орынбасары лауазымына жаңа кандидат ұсыну жөніндегі рәсімдерді жүргізе отырып, 1 жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.
 13. Кеңес хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығы жоқ.
 14. Кеңестің құрамына осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жетекші тәуелсіз сәулетшілер, сондай-ақ әртүрлі салалардың мамандары, сарапшылар мен жұртшылық өкілдері кіреді.
 15. Кеңес құрамының жартысы әрбір екі жыл сайын қайта жаңартылады.
- #### 4. Кеңестің жұмыс органы
16. Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы атынан «Алматы бас жоспары» ғылыми зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Кеңестің жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс органы) болып табылады.
 17. Жұмыс органының қызметкері Кеңес хатшысы болып тағайындалады.
 18. Жұмыс органы келесі функцияларды орындайды:

- 1) Кеңестің қарауына ұсынылатын материалдарды жинау;
- 2) Кеңестің қарауына материалдардың толықтығын тексеруді және рецензиялық бағалауды ұйымдастыру және дайындау;
- 3) ағымдағы жағдай бойынша талдауды және Кеңес отырысының күн тәртібіне енгізу үшін тиісті Қорытындыны дайындау немесе негізделген себептер бойынша бас тарту;
- 4) Кеңес отырыстарының күн тәртібін дайындау және хаттамаларды ресімдеу;
- 5) Кеңес мүшелерін отырыстың өткізілетін уақыты мен күн тәртібі туралы хабарлар ету;
- 6) Кеңес мүшелерінің құрамынан рецензенттердің жұмысын қамтамасыз ету және оларды жоспарланған отырысқа дейін бес күн бұрын материалдармен таныстыру;
- 7) Кеңес отырысында қаралған жобалардың рецензияларын талдау;
- 8) Кеңес отырысында қарау үшін өтінімдерді қабылдау және материалдарды жүктеу сайтын жүргізу;
- 9) Кеңестің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы өзге де функциялар.

5. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

19. Кеңес мүшелері:
 - 1) Кеңес жұмысына қатысуға, объективті және негізделген шешім қабылдау үшін қажетті материалдармен танысуға;
 - 2) Кеңес отырысының хаттамасында өзінің ерекше пікірін көрсетуді талап етуге;
 - 3) қаланың қала құрылысын дамыту стратегиясын қалыптастыру үшін маңызды мәселелерді Кеңестің қарауына бастамашылық етуге құқылы.
20. Кеңес мүшелері:
 - 1) Кеңес жұмысының Ережесімен белгіленген тәртібін сақтауға;
 - 2) Кеңес отырысына қатысу кезінде дауыс беруге, дауыс беруден қалыс қалған және «қарсы» дауыс берген жағдайда хаттамаға өзінің ерекше пікірінің мәтінін қоса беруге;
 - 3) Кеңес отырысын дәлелді себептерсіз өткізіп алмауға;
 - 4) болмаған жағдайда, Жұмыс органына рецензиялық бағалауды ұсынуға;
 - 5) жекеменшік тапсырыс берушілердің (құрылыс салушылардың) мүдделерін қолдауға жол бермеуге;
 - 6) Кеңес жүргізіп отырған қала құрылысы саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттауға және түсіндіруге қатысуға міндетті.

6. Кеңес жұмысының тәртібі

21. Кеңес отырысы айына 2 рет өткізіледі.
22. Кеңес отырысын Кеңестің төрағасы ашады, ол отырыстың бекітілген күн тәртібін ұсынады.

23. Төраға өтініш берушінің өкіліне баяндама жасау үшін сөз береді және барлық мүдделі тараптарға сөз беріледі.
24. Қаралып отырған материал: жобалау алдындағы пысықтаулар, тұжырымдамалар, шебер-жоспар, эскиз, жоба және жұмыс жобасы сатысында сәулет-көністіктік және сәулет-жоспарлау шешімі туралы толық ұсыну үшін қажетті көлемде демонстрациялық материал түрінде ұсынылуы мүмкін.
25. Кеңестің қарауына ұсынылатын демонстрациялық материалдарды өтініш беруші орындайды.
26. Өтініш беруші қаралып отырған жобаның инвесторы өкілінің және жобалаушының қатысуын қамтамасыз етеді.
27. Жобаларды бағалау критерийлері:
 - 1) Бас жоспарға және бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі;
 - 2) функционалдық аймақтарға бөлуге сәйкестік, қызыл сызықтар мен жер бетінің тік белгілерін сақтау;
 - 3) жобаланатын учаске орналасқан ауданның тұрғын үй қоры тығыздығының Қаланың бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі;
 - 4) жобаланатын объект үшін әлеуметтік сала объектілерінің болуы;
 - 5) қаланың бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес сәулет-көністіктік стилистиканың сақталуы;
 - 6) жоба шешімдерінің Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бойынша инженерлік желілердің параметрлеріне сәйкестігі.
28. Отырыс қорытындысы бойынша Кеңес қабылдаған шешімдер көрсетілетін хаттама жасалады. Қабылданған шешіммен келіспеген Кеңес мүшесі хаттамаға өзінің ерекше пікірінің мәтінін қоса беруге құқылы.
29. Егер отырысқа Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, оның шешімдері заңды деп есептеледі.
30. Қаралатын жобаны талдау нәтижелері бойынша Кеңес дауыс беру әдісімен:
 - 1) жобаны бекітеді;
 - 2) жобаны ескертулерімен бірге пысықтауға қайтарады;
 - 3) қабылдаудан бас тартады.
31. Пысықталған материалдар қайта қаралған жағдайда, Хатшы алдыңғы кеңестегі жобалардың мәртебесі мен оларды қарау нәтижелері туралы хабарлар етеді.
32. Кеңес отырысының хаттамасы Кеңес шешімдерінің негізінде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, сондай-ақ жобалары кеңес отырысының күн тәртібіне сәйкес қаралған барлық өтініш берушілерге жіберіледі.
33. Материалдарды Кеңесте қарау нәтижелері қорытындымен ресімделеді. Қорытындылар уәкілетті және жұмыс органдарында кемінде 5 (бес) жыл сақталады.

34. Кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету және халықты ақпараттандыру үшін Кеңестің қабылданған шешімдері бұқаралық ақпараттар құралдарында жарияланады және интернет-ресурстарда орналастырылады.

7. Кеңес отырысына құжаттарды қабылдау тәртібі

35. Мәселені Кеңесте қарау үшін өтініш беруші Орел Almaty немесе www.almatygenplan.kz сайты арқылы жұмыс органына «Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесіне» белгісімен келесі құжаттар топтамасын ұсынады:

- 1) Кеңес Төрағасының атына өтініш;
- 2) құрылыс салудың эскиздік жобасы үшін жер учаскесіне құқық белгілейтін және құқық куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 3) жоба сатысына қойылатын нормативтік талаптарға және оны Алматы қаласының қала құрылысы кеңесінде қараудың арнайы талаптарына сәйкес қосымша материалдар;
- 4) Қаланың бас жоспары бойынша тапсырыс беруші бекіткен және Алматы қаласы аумағының функционалдық аймақтарын салуды іске асыру жоспарына сәйкес Жер учаскелерін рұқсат етілген пайдалану жөніндегі қорытындыға сәйкес әзірленген жобалау тапсырмасы;
- 5) құрылыстың техникалық-экономикалық көрсеткіштері;
- 6) эскиздік жоба немесе кеңеске ұсынылған жобалаудың басқа сатысының жобасы.

36. Жұмыс органы:

- 1) Қала кеңесінің алдын ала қарауына материалдар мен құжаттарды қабылдауды ұйымдастырады;
- 2) қарауға ұсынылған объектінің толықтығы мен өзектілігін шешімді тұжырымдай отырып қарайды.

37. Жұмыс органы материалдарды:

- 1) бас жоспарға және бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі;
- 2) функционалдық аймақтарға бөлуге сәйкестігі, қала құрылысы шектеулерін және жер бетінің тік белгілерінің сақталуы;
- 3) жобаланатын учаскені орналастыру ауданының тұрғын үй қоры тығыздығының Қаланың бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі;
- 4) жобаланатын объект үшін әлеуметтік сала объектілерінің болуы;
- 5) егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына және Қаланың бас жоспарына сәйкес саулет-кеңістіктік стилістиканың сақталуы;
- 6) жоба шешімдерінің, Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау бойынша инженерлік желілер параметрлеріне сәйкестігі;
- 7) саулет-жоспарлау тапсырмасы мен техникалық шарттардың болуы тұрғысынан зерттейді;

38. Жұмыс органы Бас жоспардан ауытқу себептерін анықтайды және салыстырма кестені дайындайды. 5 (бес) жұмыс күні ішінде алынған құжаттар топтамасын және тиісті алдын ала Қорытындыны уәкілетті мемлекеттік орган –

Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасына жібереді. Кеңес мүшелерін және мүдделі тұлғаларды Кеңестің кезекті отырысының өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабарлар етеді, кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын уақтылы хабарлар етеді, оларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Кеңес отырыстары хаттамаларынан алынған үзінділерді мөрмен куәландырады.

39. Кеңес хаттамаларын Хатшы Кеңес отырысы өткен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей рәсімдеуі және уәкілетті мемлекеттік органға және өтініш берушіге жіберуі тиіс.